

**А. Т. Сарсенбаева, 1-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Қосжанов А. С., ЖҚАП кафедрасының доценті, заң**  
**ғылымдарының кандидаты**

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Қоғамның жаңа экономикалық-әлеуметтік моделі кеңестік үкіметте болмаған еді. Белгілі ғалым В. О. Ключевскийдің пікірі бойынша, орыс халқы әрқашанда «үкіметтен қашып және тығылуға тырысқан». Сондықтан ғасырылық әдет-ғұрыптың алдын алу үшін, ол адам тұлғасын және оның қажеттіліктерін бірінші жоспарға шығарады және халықтың әлеуметтік белсенділігі негізгі рольді атқарады және ұлттың негізгі талабы болуы керек дейді. Сол кезде ғана халықтың «үкіметтен қашуы мен тығылуы» деген түсінік өз күшін жоюы мүмкін және қоғам мен үкіметтің арақашықтығы алшақтамай, осы негізде халықтың белсенділігі артып, реформаның нәтижесі өседі<sup>1</sup>.

Әлеуметтік белсенділік дегеніміз — халықтың саналы және қажетті түрде қазіргі қоғамның негізгі әлеуметтік мәселерін шешуге қатысуы, азаматтардың мемлекеттің әлеуметтік

саясатқа ықпалы, сонымен қатар әлеуметтік шындыққа жету үшін үкіметтің атына ізгі талаптарды ұсыну. Халықтың сенімсіз және қолдаусыз үкімет үлкен энергиялық қолдаудан және болашақтан айырлады. Сан ғасыр бойы мемлекеттің тарихи тәжірибесі осыны айғақтайды. Кеңес құрылымының өмір сүру кезеңінде әр түрлі дәрежеде үкімет тұрақты түрде азаматтарды үлкен көлемде мемлекеттің және қоғамның істерін басқаруды қатыстыруға ауызша үгіттеді. Осылар шындыққа сай болғанда, мемлекеттің халқы үкіметтің шын түрде жағында болар еді. «Үлкен Отан» коммунистік тәртіптің соңғы өміріне белсенсіз қараумен болды, оны қолдаусыз қалдырды.

Халыққа мемлекетті және оның өмірін басқаруға қатысуға тыйым салынды, сондықтан үкіметтің белсенділігі әрекетсіз болғандықтан халықты алдап отыруға мәжбүр болды, сонымен қатар өзінің әлеуметтік жағдайын жақсы жағынан өзгертуге мүмкіндік ала алмады, осы себептерге байланысты халықтың өмір сүру деңгейі күнен күнге төмендеп, өмірін жемісті етуге кедергілерді сезінді, олардың болашаққа сенімдері болмады. Үкіметте, халықта әлеуметтік даму барысындағы белсенділігінің артқанына үміт білдіреді және мемлекетте қоғаммен үзілмейтін қарым-қатынаста болады. Кейбір зертеушілер үкімет пен халықтың арақатыстығын жою және азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін қазіргі кезеңдегі өмірге сай көптеген кедергілік қарама-қайшылықтарды көрсетеді:

- қоғамдық санада демократиялық нормалардың және құндылықтардың болмауы;
- кейбір елдерде әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүргізудің бағыттарында қоғамдық келісімнің болмауы;
- үкімет пен халықтың арасындағы қарым-қатынастар формальдық нысан түрінде орнатылуы;

- азаматтардың демократиялық өзгерістерге қатысуы өмірдегі шындық пен қарама-қайшылық, саяси білімсіздік, әлеуметтік белсенділіктің болмауы және халықтың әлеуметтік жағдайларының нашарлап қарым-қатынас араларында қайшылықта болуы<sup>2</sup>.

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің бәрімен толық түрде келісуге болмайды. Осы ойға сүйеніп нәтиже жасайтын болсақ, онда мынандай қорытындыға келеміз: үкімет қандай қоғам құратынын білуі керек, ал халық саяси білімсіз және әлеуметтік жағдайдан шаршаған халық, әліде болса демократиялық дәстүрлері жоқ, сондықтан уақытша болса да басқа мемлекеттерден тәжірибе ала отырып, демократияның элементтеріне үйренулері керек. Біздің пікірімізше, жаңа ағым кезеңінің нағыз белгілі қайшылығы көрніп тұр. Азаматтық қоғамды халықтың қатысуынсыз құруға болмайды, егер осындай талапты сақтасақ кеңес үкіметі кезіндегі қоғамның және мемлекеттік лауазымдарының әлеуметтік эгоизмін қайталамаймыз. Осы мәлеметтерді ескере отырып азаматтық қоғамның өмірлік нормасы болып халықтың әлеуметтік белсенділігі азаматтық қоғамның даму кезеңіне байланысты деген ойға келуге болады.

Ой өрісі кең азаматтық қоғамдағы халықтың әлеуметтік белсенділігі мемлекеттегі үкіметтің нығаюына себеп болуы керек. Ол лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттерінен қоғамды қорғаудың кепілдігі болуға қызмет етеді. Қазіргі кезде экономикалық мүдделер әлеуметтік шындықты нығайтуда халықтың әртүрлі топтарының, қоғамның дамуына үлес қосады, ал әлеуметтік белсенділіктің бағыттарының түрлері көп салалы. Осыдан келіп көптеген дәлелдер шындыққа айналады, халықтың көшілігі орта деңгейді құрайды деп айтуға болады. Бұл жерде байлар мен кедейлердің арасында ешқандай теңсіздік мүдделер жоқ болуы керек. Сонда ғана халықтың орта деңгейі көбейеді және нағызғы әлеуметтік белсенділіктің түрі пайда болады<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> *Казанцев Ю. И.* Социальная активность населения в правовом государстве. Материалы Международной научно-практической конференции «Наука и ее роль в современном мире», Караганды Болашақ-Баспа, 2011.

<sup>2</sup> *Кузнецова А. В.* Социальная активность населения: Приоритетные формы и их направленность. // Ломоносовские чтения 2004 г. Сборник статей преподавателей Социологического факультета МГУ «Россия и социальные изменения в современном мире». — М: МГУ, 2004. -Т. 2.

<sup>3</sup> *Малинин Г. В., Дунаев В. Ю.* Человек и социальное государство -Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2005. — С. 235.